ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 қыркүйек №4360-23-00-2/2104 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Раманкулова» атауымен әрекет етуші Айгерим Мараткуловна Раманкулова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Раманкулова» атауымен әрекет етуші Айгерим Мараткуловна Раманкуловаңы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Раманкулова» атауымен әрекет етуші Айгерим Мараткуловна Раманкулова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Раманкулова» атауымен әрекет етуші Айгерим Мараткуловна Раманкуловадан «Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 2 224 (екі мың екі жүз жиырма төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажға төлеген сот шығысы 67 (алпыс жеті) теңге, барлығы 2 291 (екі мың екі жүз тоқсан бір) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Раманкулова» атауымен әрекет етуші Айгерим Мараткуловна Раманкуловадан мемлекет кірісіне сот шығысы

мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның онайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Б. Елшібеков

Көшірмесі дұрыс.

Судья Б. Елшібеков

Анықтама: Шешім 21 қараша 2023 жылы заңды күшіне енді.

Судья Б. Елшібеков